



Ұшқан ұя

Бауыржан Момышұлы



ҰШҚАН ҰЯ

Бауыржан Момышұлы



Кеңес Одағының
Батыры, жазушы,
Екінші
дүниежүзілік
соғыстың даңқты
жауынгері,
әскери

Недбасшы страте
Г және тактик



Балалық шағы



Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында туған. Дулат тайпасының Шымыр руынан^[3].

Имаш бабасы 1911 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашқан, кирил алфавитімен оқуды меңгерген сол кезеңдегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болатын. Имаш атасы қартайған кезінде барлық шаруашылықты Момыш ұлына табыстаған. Әжесінің есімі - Қызтумас, қартайған шағында ағайын-туыс "сары кемпір" деп атаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі.

1921 жылы бастауыш мектепті Аса интернатына түседі. 1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол өңірдегі 1924 жылы ашылған алғашқы жетіжылдық мектеп болатын. Бауыржанмен бір сыныпта Әбділда Тәжібаев және Құрманбек Сағындықов оқиды. 1928 жылы мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түседі. Институт директоры Тоқтыбаев деген кісі болатын. Жас баланың қатты суықта жұқа киіммен жүргенін көріп, өзінің кабинетіне шақыртып алады.



НАМЫСТЫ НАНҒА САТПА!

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

Ұшқан ұя



«Ұшқан ұя» романы – Бауыржан Момышұлының мемуарлық шығармасы. Шығармаға автордың балалық шағынан, ес біле бастаған, мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірі өзек болған. Жазушы өзінің тұлға ретінде қалыптасуына ұшқан ұясы ықпал еткенін баяндай отырып, отбасы мүшелерін: әжесі Қызтумас, әкесі Момыш, немере ағасы Момынқұл, әпкелері Үбиан, Әлимандарды өзіндік бейнелерімен әр қырынан танытқан. «Ұшқан ұя» романы – мемуарлық шығарма ғана емес, қазақтың салт-дәстүрі, ғұрпы, ұстанымы, дүниетанымы әсерлі бейнеленген этнографиялық шығарма.

Ұшқан ұя



Батырдың мейірімді, дана әжесінің тәрбиесінде болғаны, ол кісінің сан түрлі ертегілер айтып беруі Абайды еске түсірді. Ерекше ыстық әже махаббатымен, үлкендердің батасымен өскен, білім алған баланың үлкен азамат болу заңды шығар.

Кітапты оқып отырып, сол кездегі қазақ ауылы, кең пейіл халық көз алдымнан көркем фильмдей өтіп жатты. Қазақы мінез, дәстүр, өнер, шынайы суреттеулер тәнті етеді. Сағындырады.

Автор балалық шағын, естеліктерін арқау етіп, бауырмалдықты, достықты, ерлікті, адал да аңқау, қарапайым ауыл адамдарын шебер суреттеген.

Ұшқан ұя



«Ұшқан ұя» кітабы – халқымыздың этнографиялық энциклопедиясы тәрізді аса құнды, қазақ руханиятының қазынасы. «Ұшқан ұя» - автордың балалық шағынан сыр шертетін шығарма. Кітапта Бауыржан Момышұлы өсіп – өнген ортасы мен алған таным – тағылымын суреттейді. Сондай-ақ шығармада қазақтың «қонақ күту кәдесі», «қыз ұзату», «көкпар тарту» және т.б. салт – дәстүрлерін тілге тиек етеді, қазақтың ұлттық салт-дәстүрін өте шынайы бейнелейді.



Ұшқан ұя



Бауыржан Момышұлы аңыз әңгімелерді әжесінен естігенін үлкен сүйіспеншілік сезіммен есіне алған, сонымен қатар ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді әжесінен үйренгенін мақтан етеді. Әкесі Момыш өз бетімен сауат ашқан, сол кездегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен де танымал болған. Бауыржан Момышұлы 3 жасқа келген соң анасы Рәзия қайтыс болады да, әжесі Қызтумастың қолында өседі.



Ұшқан ұя



Бауыржан Момышұлы Мемлекеттік сыйлыққа (1976) ие болған «Ұшқан ұя» кітабында 1916 жылдың дүрбелені мен күштеп ұжымдастыру кезіндегі тартыстар батыл айтылып, Кеңес өкіметі қалыптасуының алғашқы жылдары кеңінен қамтылған.



Ұшқан ұя



«Ұшқан ұя» адамгершілікке үндейтін, тәлім-тәрбие беретін көркем туынды. Шығармада адамның асыл қасиеттерін қадірлейтін жолдар да көп. Білім мен ақыл, тәрбие адамның ең қымбат, ең әдемі қасиеттері саналады. Бауыржан Момышұлы бұл өмірдегі барлық нәрседен де тәрбиені жоғары қояды, адам бойындағы жақсы – жаман қасиеттердің бәрін тәрбиемен тығыз байланыстырып қарайды. «Адам бол, ақылды бол» деу бір басқа да, оның жөн-жобасын көрсету, бағыт беру бір басқа. Автор адамшылдық негізін қанатты, даналық сөздерімен сіңіреді. Жақсы - жаманды айырып көрсетеді. Кітаптың алғашқы беттерінен-ақ адамдық қасиет, адамгершілік мұраттар басты қадір-қасиет ретінде сипатталады.



Martebe.kz ақпараттық білім порталы

Ұлттық рух – ұлы адамның
және тұтастай алғанда
ұлттың да асыл қасиеті.

Ұлттық мақтаныш – ұлт
ішіндегі жеке адам үшін
мызғымас әрі қасиетті заң.



Бауыржан Момышұлы

Бауыржан Момышұлы



**Қарабет болып
қанқанша,
қайрат көрсетіп
өлген артық!**



Әдебиет
порталы

Ұшқан ұя



Момыш, балаңның бауы берік болсын!
Ақментей бабасындай батыр болсын!
Ақмолда Батыр бабасындай мәрт болсын!
Бәйдібек батырдың әруағы қолдасын!
Домалақ анамыз жар болсын! -
десіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той
соңында Имаш атам алақан жайып ел
қарияларынан бата сұраған екен.

Ұшқан ұя



Мен туғанда, әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды деп отырар еді. Әкем өз бетінше талпынып жүріп ескіше сауатын ашып алыпты. Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір білетін. Тіпті орыс алфавитін де ежіктеп шығара беруші еді. Жас күнінде ағаш ұста болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе, зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күнінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған. Мұнда ол соққан сақина-білезікті салып жүрген көзі тірі кемпірлер бар. Ал, ол кемпірлер бір кезде уылжыған жас еді ғой. Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақынжыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді. Момыш әкем ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде, Имаш бабам шаруа билігін соның қолына беріпті. Ауылдағы келін-кепшікті бір шыбықпен айдайтын адуынды Қызтумас әжемнің өзі де: - Момыштан сұраңдар, Момыш біледі, - деп отырады екен. Ағайын-туған арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, ас-той, дау-дамай - бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз шешілмеген. Әлдеқалай ол жол жүріп кетсе, сапардан қайтып келгенше тірлікті соған қаратып, жолын күтіп отыратын болған. Имаш бабамның көзінің тірісінің өзінде біздің шағын ауылды - Момыш ауылы дейді екен.

Ұшқан ұя



- Қайран, балалық-ай десеңші! Алыста қалған арайлы адал тандарым менің. Онда мен кіп-кішкентай сәби едім. Ал айнала таулар да, үйлер де, қойтастар да, жылқылар да - бәрібәрі үлкен болатын. Адамдардың бәрі «айналайыннан» басқа сөзі жоқ, кілен мейірімді жандар болып көрінетін... Қария кісілердің сақалынан қасиет-қадір белгісі көрініп тұрар еді маған. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, шашбаулары сылдыраған қызкеліншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқағандай болармын. Солардың бәрі мені аймалап, сүю үшін жаратылған жандар сияқты сезілуші еді. Ол-ол ма, анау асқар таулар, етектегі еңісті шексіз дала, көгілдір аспан, түнде жымындаған жұлдыздар, толықсып туған ай, жасыл жайлау - бәрі-бәрі тек маған ғана елжірей қарап, мені ғана аймалап әлдилейтін сияқты еді. Дүние сенің сәби кезіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды, аспаны - күмбез, желі - жібек, әдемі ертек болып тұра берсе, кәне. Тек оқта-текте ауылдың үстін, тау бөктерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда үнтүнсіз шаруақор менің әкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Жаңбыр жауса - жас баланың көз жасындай, кімді аяйтынымды білмеймін, әлдекімге жаным ашып, жаңбыр жауса жылағым келер. Биелер шұрқырап, құлындар құтырып, ауылды айнала шауып еріксіз елеңдетеді. Ала-құйын айдалаға сен де жүгіре жөнелгің келеді. Енді бірде аспанға аң-таң боп қарап қаласың. Буда-буда бұлттар жалы желбіреп шауып бара жатқан асау айғырлар сияқты. Кейде шөгіп жатқан түйелер сияқты. Кішкентай қолдарыңды созып, сол керемет дүниеге ұшып барып, әлгі қанатты тұлпардың жалынан сипалағың келеді. Баланың бақытты шағы сол кереметке сенгенінде шығар